

Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімінің  
"Ключи ауылының негізгі орта мектебі"  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бекітемін:  
мектеп директоры:  Бегарстанова Б. Қ.  
« 5 » қыркүйек 2023 жыл



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту  
министрлігінің  
2023 жылдың 17 наурызын  
№ 68 бұйрығына сәйкес

2023-2024 оқу жылында жүргізілетін  
психологиялық қызмет жоспары

Педагог-психолог:  Иманбаева Г.О.

БЕКТЕМІН  
Мектеп директоры:

Бегарстанова Б. К.

« 15 » *сәуір* 2023ж



*« Ақмола облысы білім басқармасының  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Ключи ауылының негізгі орта мектебі» КММ  
Психологиялық қызметінің  
2023-2024 оқу жылына арналған  
перспективалық жұмыс жоспары*

**Психологиялық қызметтің мақсаты:** білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру.

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- 1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- 2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- 3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;
- 4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- 5) жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;
- 6) білім беру процесіне қатысушыларға білім беру процесіне қатысушылардың жеке құқықтарына қысым жасамай, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады;
- 7) Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу болып табылады;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мүдделі органдарымен өзара іс-қимыл жасау болы



№	Іс-шаралар	Жұмыстың түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Орындалуы туралы белгі
<b>I. Психодиагностика</b>							
1	Карта толтыру	Оқушылардың психологиялық картасын толтыру	1-9 сынып оқушылары	Қыркүйек 10-18.09		Педагог-психолог	
2	«Н.Г. ЛУСКАНОВА» әдістемесі	Оқу мотивациясын анықтау	2-5 сынып оқушылары	Қыркүйек 21.09	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог-психолог	Анықтама
3	Дж. Мореноның социометриясы	Қарым –қатынасын анықтау	2-5 сынып оқушылары	Қазан 05.10	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог-психолог	Анықтама
4	Керн Йирасик әдістемесі Адамның суретін салу Сөздер көшірмесі Нүктелер көшірмесі	1-сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын диагностикалау	1-сынып оқушылары	Қыркүйек 25-30.09	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог-психолог	Анықтама
5	«Менің сыныбым» әдістемесі	Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу;	5-сынып оқушылары	Қыркүйек 28.09	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог-психолог	Анықтама
6	«Баспалдақ» әдістемесі С.Г. Якобсон, В.Г. Шур	Өзін-өзі бағалауды анықтау	2-5сынып оқушылары	Қазан 09-18.10	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог-психолог	Анықтама
7	Ерекше білім берудегі оқушымен жұмыс	әңгімелесу	Қиын және ерекше назардағы оқушылар	Қазан 03.10	ПМПК	Педагог-психолог	3 қазан

			4 сынып				
8	Е.А.Климов «Дифференциалды- диагностикалық» әдістеме	Кәсіби бағыттылығын анықтау	9 сынып оқушылары	10.-13.11 Қараша	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог- психолог	Анықтама
9	Филлипс тесті	Мектептегі алаңдаушылық деңгейін анықтау	5-8 сынып оқушылары	Қараша 14-17.11	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог- психолог	Анықтама
10	«Мұғалім және мен» әдістемесі Графикалық диктант	Мұғалім мен бірінші сынып арасындағы мәселені анықтау	1 сынып оқушылары	Қараша 20.11	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог- психолог	Анықтама
11	«Кактус» проективтік әдістемесі	Баланың эмоционалдық жағдайын анықтау, агрессияны анықтау.	2-4 сынып оқушылары	21-24.11 Қараша Наурыз 11-13.03	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог- психолог	Анықтама
12	Сауалнама	Оқушылардың мамандық таңдауға дайындығын анықтау	9 сынып оқушылары	06-07 Желтоқсан 10-11 сәуір	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог- психолог	Анықтама
13	Тест	Педагогтың дарынды балалармен жұмыс жүргізуге бейімділігін анықтау.	Пед.ұжым	Қараша 27.11	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог- психолог	Анықтама
14	Тест	«Оқушының мамандық таңдауында ата- анасының маңызы»	9 сынып оқушылары ата-аналар	Қараша 29.11	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог- психолог	Анықтама
15	Әдістеме	«Үйшік әдістемесі»	МАД сынып	Желтоқсан 12-13.12	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог- психолог	Анықтама
16	«Ағаш» проективті тест	Тұлғаның эмоциялары, мотивациялық сипаттары, кейбір аспектілері, жасырынып жатқан дүниесін ашуға мүмкіндік береді.	4-9 сынып оқушылары	қаңтар 15-19.01	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог- психолог	Анықтама

17	Қызығушылық картасы /Голомшток/	Оқушылардың бейімділігі мен қызығушылықтарын анықтау.	9-сынып оқушылары	Ақпан 08-09.02	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог-психолог	Анықтама
18	Сіздің адамдар мен қарым- қатынас жасауға бейімділігіңіз Тест	Адамдармен қарым-қатынас жасау бейімділігін анықтау	Пед.ұжым	Ақпан 14.-16.02	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог-психолог	Анықтама
19	«Отбасы суреті» әдістемесі	Отбасында қалыптасқан қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау	1-4 сынып оқушылары	Наурыз 11-15.03	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог-психолог	Анықтама
20	«Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі	«Мен өзімді ұнатамын, себебі ...» сөйлемді аяқтау.	7-8-9 сынып оқушылары	Сәуір 15.04	Диагностика нәтижелерін талдау	Педагог-психолог	Анықтама

**II.Түзету-дамыту бағыты**

1	Тренинг	Бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық сабақ:Танымдық саланы қалыптастыру	1-сынып	Қыркүйек Қазан 20.10	Түзету-дамыту жұмысын талдау	Педагог-психолог	Хаттама
2	Тренинг	Бесінші сынып оқушыларын бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі бейімделуіне психологиялық сабақ: Ұлдар мен қыздар екі дүние 1.«Бірінші рет 5 сыныпқа » тренингі	5-сынып	қазан 20.10	Түзету-дамыту жұмысын талдау	Педагог-психолог	Хаттама
3	Тренинг	Мектеп бітіруші 9 сынып оқушыларын емтиханға және	9 сынып	Қазан 20.10	Түзету-дамыту жұмысын	Педагог-психолог	Хаттама



		мамандық таңдауға педагогикалық-психологиялық бағытта психологиялық сабақ: I».Мен және менің болашақ мамандығым» тренингі			талдау		
4	Жаттығу, психологиялық ойындар	«Суретті аяқтада, жалғастыр»	Қиын және ерекше назардағы оқушылар	Жыл бойы	Түзету-дамыту жұмысын талдау	Педагог-психолог	Хаттама
5	Жаттығу	«Менің ерекшелігім» «Ақ парақтың екі бөлігі» Қарым-қатынасты нығайту	Дарынды оқушылар	Сәуір -май	Түзету-дамыту жұмысын талдау	Педагог-психолог	Хаттама
6	Тренинг	«Күйзелістен қалай арылуға болады?»	7-9 сынып	Желтоқсан	Түзету-дамыту жұмысын талдау	Педагог-психолог	Хаттама
7	Тренинг-жаттығулар	Педагогтың кәсіби- тұлғалық ерекшеліктерін және эмоционалды- еріктік аймағын психологиялық түзету	Пед.ұжым	Қаңтар	Түзету-дамыту жұмысын талдау	Педагог-психолог	Хаттама
8	Жаттығулар	Қарым-қатынасты нығайтуға арналған жаттығулар	7-9 сынып	Қаңтар	Түзету-дамыту жұмысын талдау	Педагог-психолог	Хаттама
9	Тренинг , психологиялық ойындар, сурет салу	Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін түзету-дамыту жаттығулары	2-4 сынып	Қаңтар	Түзету-дамыту жұмысын талдау	Педагог-психолог	Хаттама
10	Дөңгелек үстел Пікір әңгімелесу	5-8 сынып қыздарымен кездесу « Қыз бала қандай болу керек ?»	5-8 сынып	Ақпан	Түзету-дамыту жұмысын талдау	Педагог-психолог	Хаттама
11	Тренинг элементтері бар жаттығулар	«Бала тәрбиесіндегі біздің қателіктеріміз»	ата- аналармен	Наурыз	Түзету-дамыту жұмысын талдау	Педагог-психолог	Хаттама

12	Психологиялық сынып сағаттары	Тренинг, әңгіме	білім алушылармен 0-9 сыныптар	Тоқсан сайын 1 сабақ		Педагог-психолог	хаттама
<b>III.Профилактика және психологиялық ағартушылық</b>							
1	Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы!	әңгіме	Мұғалімдермен (шағын)	қыркүйек	Алдын алу жұмыстарын талдау	Педагог-психолог	ақпарат
2	«Буллинг және кибербуллинг» алдын алу	Баяндама слайд	7-9 сыныптар	Қазан	Алдын алу жұмыстарын талдау	Педагог-психолог ДТЖО	Хаттама
3	Ата-аналар жиналысында сөйлеу"Оқу мотивациясы - табысты оқытудың негізгі шарты"	бейімделу кезеңінің процестері (1, 5, сыныптар)	Ата-аналар және мұғалімдер	қараша	Алдын алу жұмыстарын талдау	Педагог-психолог	хаттама
4	"Балалармен өзара әрекеттесу ережелері"	Ақпараттық ағарту	Сынып жетекшілер	Жыл бойы	буклет	Педагог-психолог	буклет
5	«Зорлық-зомбылыққа деген көзқарасы»	сауалнама	5-9 сынып	қараша	хаттама	Педагог-психолог	хаттама
6	« Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың баланың психоэмоционалды дамуына әсері»	Ақпараттық ағарту	Ата-аналармен	желтоқсан	хаттама	Педагог-психолог	хаттама
7	Балаларға емтиханға	Ақпараттық ағарту	Ата-аналар	Жыл бойы	жадынама	Педагог-	жадынама



	дайындалуға қалай көмектесуге болады" Жоғары сынып оқушыларының ата-аналарына арналған "емтихан кезінде стресстің алдын алу" психологиялық-педагогикалық дәрісханасы					психолог	
8	«"Қиын жасөспірімді қалай түсінуге болады?» "Агрессия. Себептері мен салдары"	Ақпараттық ағарту	Ата-аналар	Жыл бойы	жадынама	Педагог-психолог	жадынама
9	« Жазалау мен ынталандыру мәселелері бойынша ата-аналардың педагогикалық мәдениеті »	Ақпараттық ағарту	Ата-аналар Инспекторының қатысуымен жиын	қаңтар	әңгімелесу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, учаскелік полиция инспекторы Кабдуалиев Р.Н.	
10	«Зорлық-зомбылықсыз үй »	Ақпараттық ағарту	Ата-аналар	ақпан	Алдын алу жұмыстарын талдау	Педагог-психолог	жадынама
11	Жыныстық жетілу	сұхбаттасу	7-9 сыныптар	наурыз	ақпарат	Мед бике	ақпарат
12	Нашақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі	Салауатты өмір салтын қалыптастыру	7-9 сыныптар	сәуір	Алдын алу жұмыстарын	Педагог-психолог	Хаттама

	шегудің алдын алу.				талдау		
13	Емтихан өту кезіндегі ата-аналардың көмегі	Ағартушылық жұмыс	Ата-аналар	Мамыр	Алдын алу жұмыстарын талдау	Педагог-психолог	Дәріс
<b>IV. Кеңес беру</b>							
1	Ата-аналарға баланың мектепте оқуына байланысты кеңес беру	Кеңес беру	1-сынып Ата-аналар	Қыркүйек Қараша	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	Кеңес беру журналы
2	Ата-аналарға кеңес «5 сыныптағы бейімделу кезеңінің қиындықтары»	Кеңес беру	5-сынып ата-аналары	Қыркүйек Қараша	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	
3	«Кәсіптік бағыт бағдар беру»	Кеңес /видеоролик/	9 сынып	Қыркүйек Желтоқсан	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	
4	Жас мамандар туралы мәлімет Мұғалімдерге психологиялық кеңес	Кеңес беру	Мұғалімдер	Жыл бойы	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	
5	«Гигиеналық тазалық»	Кеңес беру	1-9 сынып	Қыркүйек	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	
6	«Баланың жас және психологиялық ерекшеліктері»	Кеңес беру	Ата-аналарға	Жыл бойы	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	
7	«1 сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі»	Кеңес беру	1-сынып ата-аналары	Қазан Кеңес беру журналына жазу	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	
8	Балаларды шылым шегуден қалай қорғауға	Түсіндірме жұмысы	5-9 сынып	Қараша Наурыз	Кеңес беру журналына	Педагог-психолог	

	болады?				жазу		
9	«Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол салу мәселесі».	Баяндама, кеңес беру	Ата-аналар	Желтоқсан	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	
10	Оқушыларға, пән мұғалімдеріне, ата-аналарға кеңес беру Жадынама	Кеңес беру	Дарынды	Желтоқсан	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	
11	Жалпы күйзеліс және одан арылу жолдары.	Тренинг элементтері бар жаттығу Кеңес беру	Пед.ұжым	Ақпан	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	
12	Шағын дәріс «Баланы зиянды әдеттерден қорғау»	Жадынама, кеңес беру	5-9 сынып ата-аналары	Желтоқсан Ақпан	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	
13	Мектепшілік есепте тұған оқушыларға, ата-аналарына, мұғалімдерге кеңес беру	Кеңес беру	Қиын және ерекше назардағы оқушылар	Жыл бойы	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	
14	Оқу мотивациясы төмен оқушылардың ата-аналарымен жұмыс	Кеңес беру	Ата-аналар	Жыл бойы	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	Кеңес беру журналы
15	Ерте жыныстық қарым-қатынастың алдын алу	сұхбаттасу	8-9 сынып	Жыл бойы	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	
16	9 сынып оқушылармен қорытынды емтиханға дайындық жұмыстары	Кеңес беру	9-сынып	Наурыз Мамыр	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	
17	Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы «Жазғы демалысымызды қалай өткіземіз?»	Кеңес беру	Ата-аналар	Мамыр	Кеңес беру журналына жазу	Педагог-психолог	



V. Ұйымдастыру, әдістемелік жұмыс

1	Психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсатын алу	Келісім парағы	1-9 сынып ата-аналары	Қыркүйек 18-29.09			Келісім парағын жинақтау
2	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар бойынша деректер банкіні толықтыру (ЖДҚ балалары , үйде оқитын мүгедек балалар, оқымайтын мүгедек балалар)		ПМПК-мен ынтымақтастық	Жыл бойы	Деректер банкі	Педагог-психолог	Белгі деректер банкісінде
3	Оқушылардың жеке карталарын толтыру			Жыл бойы	Оқушының картасы	Педагог-психолог	Белгі оқушының картасында
4	Сынып жетекшілеріне арналған әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу			Жыл бойы	анықтама	Педагог-психолог	Белгі анықтама
5	Жұмыс сапасын арттыруға ықпал ететін кәсіби деңгейді арттыру			Жыл бойы	сертификаты	Педагог-психолог	Белгі сертификатта
6	Әдістемелік, психологиялық әдебиеттерді зерттеу бойынша жұмыс			Жыл бойы	анализ	Педагог-психолог	Есеп педагог-психологтың ( жартыжылдық, жылдық

7	Өздігінен білім алу бағдарламасы бойынша жұмыс			Жыл бойы	портфолио	Педагог-психолог	Портфолио белгі
8	"Жылдың үздік психологы" конкурсына қатысу				портфолио	Педагог-психолог	Портфолио белгі
9	"Психологтың үздік кабинеті" конкурсына қатысу				портфолио	Педагог-психолог	Портфолио белгі
10	Диагностикалық Материалдарды өңдеу			Жыл бойы	анықтама	Педагог-психолог	Белгі анықтама
11	Мектеп психологтарының әдістемелік бірлестігінің жұмысына қатысу			Жыл бойы	баяндама	Педагог-психолог	Есеп педагог-психологтың (жартыжылдық, жылдық)
12	Мектептің әдістемелік бірлестігінің жұмысына қатысу			Жыл бойы	баяндама	Педагог-психолог	Есеп педагог-психологтың (жартыжылдық, жылдық)
<b>VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер</b>							
1	2023-2024 оқу жылындағы психологиялық қызметтің жұмысы туралы есеп.			Желтоқсан-маусым			Талдамалық есеп

Жоспар педагог-психологтың қалауы бойынша жыл бойы өзгертілуге жатады\*



**Педагог-психологтың 2023-2024 оқу жылы бойынша « Ақмола облысы Білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Ключи ауылының негізгі орта мектебінің » КММ аналитикалық жылдық жұмыс туралы талдау есебі**

1. Білім беру ұйымы туралы ақпараттық анықтама:

Ключи ауылының негізгі орта мектебінде

толық балалар саны -62 ; ( даярлау сыныппен бірге )

сыныптар саны-9 ( даярлау сыныппен бірге және 7-8 сынып бірге оқытылады бір сынып деп саналады )

есепте тұрған бала жоқ,

қауіпті топта бала жоқ.

Ерекше қажет ететін бала-1

18 қыркүйек жұлдызында ата-аналар жиналысы өткізіліп Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді өткізу туралы ата-аналарды және өзге де заңды өкілдерді хабардар етілді, келісім парақтары таратылып түсіндірме жұмыстары жүргізілді . Соның нәтижесінде 58 балаға келісім берілді 4 бала келісім бермеді (2 сыныптан 2 оқушы, 7 сыныптан 2 оқушы)

педагога-психологтың аты-жөні	<b>Иманбаева Г.О.</b>
Количество штатных единиц в ОО	1 ставка
Образование	Высшее , Евразийского гуманитарного института 2014 г закончила г. Астана Педагог-психолог, бакалавр
стаж работы: общий	36 лет
в должности психолога	19 лет
Категория	1 категория педагог-эксперт
Курсы повышения квалификации (дата, место прохождения, организация, название, количество часов)	1. Диплом I Дәрежелі « Үздік педагог-2022 » Республикалық <a href="http://www.sabaq.kz">www.sabaq.kz</a> әдістемелік –танымдық сайты 27.12.2022ж 2. Сертификат « Үздік педагог» қашықтық олимпиада 27.12.2022ж 3. Сертификат за участие в методическом семинаре « Совершенствование профессиональных и исследовательских навыков педагогов-психологов» 22.04.2022г Көкшетау , 2022г 4. Сертификат Алматы қаласы 10 ақпан 2023ж « Психологиялық қызметті ұйымдастыру және сүйемелдеу» 72 сағ 5. Сертификат Алматы қаласы 24 ақпан 2023ж « Жеке және топпен диагностикалау және түзету



	<p>–дамыту жұмыстарын жүргізу» 72 сағ          6. Сертификат          Көкшетау қаласы          « Оқушыларға психологиялық қолдау көрсету »          20.02-03.03.2023ж          7. Сертификат « Адамның үйлесімді дамуы          Ұлттық институты »Коммерциялық емес          Акционерлік қоғамы « Ата-аналарды          психологиялық-педагогикалық ағартудың          ғылыми-әдістемелік негіздері» 15.09. 2023ж          8. Сертификат « Ата-анамен жұмыс жүргізудің          формасы мен түрлері» Алматы , 29 қаңтар 2024ж          9. Сертификат Акционерное общество «          Национальный центр повышения квалификаций          « Өрлеу» Тема «Современные технологии          обучения и воспитания детей с особыми          образовательными потребностями »          26.03.-05.04.2024г</p>
Контактные данные	Тел. 87759118439

2. Білім беру ұйымының психологиялық қызметі туралы ақпараттық анықтама:

Мектепте психологиялық қызмет 2004 жылы 19 қаңтар ұйымдастырылған, педагог-психолог сол жылдан бастап жұмыс істейді;

Мектеп педагог- психологтың жалпы және осы білім беру ұйымындағы жұмыс өтілі:19 жыл

**Мақсаты:** білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру.

**Міндеттері:**

Осы мақсатқа жету үшін бірнеше бағытта жұмыс жүргізілді.

1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;

2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;

3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;

4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

5) жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі



жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;

6) білім беру процесіне қатысушыларға білім беру процесіне қатысушылардың жеке құқықтарына қысым жасамай, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады;

7) Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу болып табылады;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мүдделі органдарымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

Бірінші сынып оқушылармен бақылау, мектепке бейімделуін мақсатында Керна-йерасик тест алынып, онда 6 оқушы қатысты нәтижесі ортадан жоғары нәтижесін көрсетті. Тест өңделіп нәтижесін сынып жетекшіге және ата-аналарға ақпарат беріліп, ұсыныс айтылды. Сонымен осы сыныпта Керна-йерасик мектепке дайындығын анықтау ауызша сөйлеу тест алынды. Мақсаты: оқушылардың мектепке көзқарастарын бақылау, олардың білімге ынталарын, қоршаған ортаға бейімдеулерін анықтау. Нәтижесі білім алушылардың мектепке дайындығы ауызша сөйлеу жоғары және екі оқушы көбінесе орысшаға сөйлеуге бейімделінген. Осы сыныпта психологиялық сынып сағаты танымдық саланы қалыптастыру, зейінің шоғырландыру, ес қабілетін, қол моторикасын дамыту жұмыстары жүргізілді. Тест өңделіп нәтижесін сынып жетекшіге және ата-аналарға ақпарат беріліп, ұсыныс айтылды. Негізі балалардың мектепке бейімделуі жақсы, көңіл-күйі көтеріңкі. Сынып жетекші Абылгазина Д.С. мектептің іс-шараларына белсенді қатыстырады. Ата-ана тарапынан көмек, қолдау көрсетілсін деймін. Ұсыныс айтылды жұмыс әрі қарай жалғастырылуда. Психологиялық ойындар, жеке сөйлесу, ата-аналарға кенестер айтылды. Ата-аналарға тест нәтижесі ақпараттандырылып, оларға балаларға оқу процесіне қолдау, көмек айтылды. 1 сынып білім алушылармен «Эмоция әлемі» атты тренинг өткізіліп инстаграмм желісіне салынды.

Оқу мотивациясын анықтау мақсатында 2-5 сыныптарда Н.Г. Лусканов әдістемесі, «Менің сыныбым», «Баспалдақ» әдістемелері алынды нәтижесі өңделді. Бесінші сынып оқушылармен ортаңғы буынға бейімделу мақсатында өзін-өзі бағалау «Баспалдақ» әдістемесі нәтижесі барлығы өздерін жоғары бағалайды, мектептегі аландаушылық деңгейін анықтау мақсатында Филлипс тест алынды, социометрия Дж. Морено топ-арасындағы қарым-қатынасты зерттеу, Н.Г. Лусканованың мектептегі мотивация психо диагностика алынды, нәтижесі 1 бала



жоғары , 1 бала орташа , қалғандары бесеуі бірқалыпты , шектеулі балалар жоқ, сонымен қатар психологиялық ойындар, релаксация музыка тындау көңіл-күй жақсарту мақсатында өтілді. Бұл сыныптың негізгі мәселесі 7 оқушы барлығы , екі баланың қазақша сөйлеуі қиынға түсіп тұр.( 2 оқушы басқа ұлттың балалары) олардың оқуына және сыныптастарымен тіл табысуына көмек , ұсыныс айтылды пән мұғалімдерге және сынып жетекшіге. 5-8 сынып оқушыларынан Филлипс тесті мектептегі аландаушылық деңгейін анықтау мақсатында алынып , нәтижесі өңделіп сынып жетекшілерге ұсыныс айтылды. 2-4 сыныптарда баланың эмоционалды жағдайын , агрессияны анықтау мақсатында «Кактус» проективтік әдістемесі алынды . Ақпан айында 3 сынып білім алушылармен « Дос болайық ,бәріміз» атты тренинг өткізілді. 9 сынып білім алушылардан кәсіби бағыттылығын анықтау мақсатында Е.А. Климов » Дифференциалды-диагностикалық » әдістеме және оқушылардың мамандық таңдауға дайындығын анықтау сауалнамасы, (Голомшток) Қызығушылық картасы алынды . Нәтижесі өңделіп , сынып жетекшіге мағлұмат берілді .Мектеп бітіруші 9 сынып білім алушыларға емтиханға және мамандық таңдауға педагогикалық-психологиялық бағытта психологиялық сабақ « Мен және менің болашақ мамандығым» тренингі өткізілді. 5-9 сынып оқушыларға зорлық-зомбылық туралы ақпараттандыру мақсатында « Зорлық-зомбылықсыз өмір » атты баяндама оқытылды және «Зорлық-зомбылыққа деген көзқарасы» сауалнама алынды «Буллинг және кибербуллинг» алдын алу мақсатында 7-9 сыныптарда баяндама , слайд түрінде ақпарат берілді және осы сыныптарда « Күйзелістен қалай арылуға болады?» тренинг ақпарат берілді. Тұлғаның эмоциялары, мотивациялық сипаттары айқындау мақсатында 3 сынып және 7,8,9 сыныптарда « Ағаш » проективті тест алынды, нәтижесінде басым білім алушыларда оптимист, сезімтал , эмоционалды болып шықты.Білім алушылармен психологиялық ойындар «Төрт апат»,« молекулалар» т.б. қарым-қатынасты нығайту мақсатында жаттығулар « Менің ерекшелігім»,» Ақ парақтың екі бөлігі» т.б.өткізілді. 5-8 сыныптарда « Қыз бала қандай болу керек ?» атты пікір әңгімелеу өткізілді.

«2023-2024 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат психологиялық сынып сағаттары (жылына кемінде 4 сағат көлемінде )

Мақсаты : жасөспірімдердің қоғамға қарсы, аутоагрессивті, девиантты, тәуелділік және басқа да деструктивті мінез-құлықтың бастапқы белгілерін анықтауға және алдын алуға бағытталуы

1 сыныпта « Танымдық саланы қалыптастыру», « мектепке не үшін бару керек ?»» Эмоция әлемі», « Мен мектеп оқушысымын»,

2 сынып « Сіз нағыз доссыз ба?»,өзінді біл,Қарым-қатынас ерекшеліктері, « Не жақсы , не жаман »,



3 сынып « Менің отбасым », « Достық деген не...»,» Сөйлеуді үйрену, Қақтығыс дегеніміз не?» ,

4 сынып « Өзіннің әлеміне ену», « Стресс. Стресстен шығу жолдары»,» Қауіп деген не және одан қалай сақтану керек?»»,» Эмоция және сіздің көңіл-күйініз»,

5 сынып « Ұлдар мен қыздар екі дүние», « Мамандықтар әлеміне саяхат» , «Мен стрессті басқарамын», «Менің денемнің шекаралары»,

6 сынып «Интернет қауіпсіздігі» , « Қорқыту мен жанжалдарға қарсы»,» Қарым-қатынас құпиялары», «Өзін-өзі бағалау айналары» ,

7 сынып « Қалай табысқа жетуге болады ?»,» Бейтаныс адамдармен сөйлесу ережелері», «Мейірімділік» ,» Қақтығыстардағы мінез-құлық»

8 сынып « Қатыгездік пен зорлық , оларға қалай қарсы тұру керек ?», « Мен жеке тұлғамын», « Кибербуллингтің алдын алу», « Эмоциялық интеллектіні қалыптастыру»,

9 сынып « Мен және менің болашақ мамандығым » , « Есеюі табалдырығында»,» Жасөспірімдер арасындағы қорқыту, кибербуллинг», « Қарым-қатынас стилі» атты психологиялық сынып сағаттары өтілді.

Ерекше қажет ететін баланы 4 сынып ( Н.А.) қазан айында Шортанды № 2 , анасымен бірге барып ПМПК мамандарына көрсетілді. Анасымен жұмыс жүргізіліп кеңес берілді.Қараша айында ерекше қажет ететін балалардың тізімі 21-23 ж және жана келген оқушыға 4 сынып ( Қ.А.) мінездеме жазылып ауданға жіберілді.Сонымен мамыр айында баланы ( Н.А.) ауруханаға жатқызу мәселесі ПМПК шешімі бойынша анасымен және сынып жетешісімен (Бухаева С.С.) түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар : ата-аналар жиналыстары өтілді №377 бұйрықтармен таныстырылды,Буллинг деген не? және баяндамалар « Оқу мотивациясы-табысты оқутыдың негізгі шарты»,»Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың баланың психоэмоционалды дамуына әсері» т.б. сауалнамалар алынды және балаларды тәрбиелеудегі туындайтын қиыншылықтар және отбасындағы микроклиматты жақсарту бойынша кеңес берілді , жаднамалар таратылды. Аутизм туралы ақпарат , жаднамалар берілді. 1 сынып ата-аналар жиналысына қатысып , балалардың оқуға бейімделуі жөнінде ақпарат , мектепте оқуына байланысты кеңестер берілді. 2-4 сынып ата-аналар жиналысы « Тәрбие тетігі-табысты үштік» , « Тәтті шай» атты жиналысына қатысып балалардың психоэмоционалды дамуы , ата-ана қалай көмектесу керек ?,тіл табысуы туралы мұғалім,оқушы, ата-ана бірлесіп жұмылып жұмыс істеген кезде бір нәтижеге жететіні туралы кеңестер айтылды. 5 сынып ата-аналарына бейімделу кезеңінің қиындықтары туралы жеке кеңес берілді.9 сынып ата-аналармен емтихан өту кезіндегі ата-аналардың көмегі туралы мини дәріс берілді. Ата-аналармен «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың баланың психоэмоционалды дамуына әсері», балаларға емтиханға дайындалуға



қалай көмектесуге болады?, қиын жасөспірімді қалай түсінуге болады?, агрессия себептері мен салдары, жасөспіріммен қалай сөйлесуге болады, ғаламтор қауіпсіздігі, қыз бала тілін түсіну т.б. ақпараттық ағарту жадынама, әңгімелеу өткізілді. Төртінші сыныпта оқитын баланын (Н.А.) анасына психологиялық көмек көрсетілді баланы ПМПК көрсетіп нәтижесі алынып мұғаліміне, анасына ұсыныстар айтылды. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар арасында «Қысқы пейзаж» аудандық байқауына қашықтықтан 4 сынып оқушысы Н.А. «Қысқы пейзаж» сурет байқауына қатыстырылды. Сонымен, осы баланы (Н.А.) мамыр айында Көкшетауға ауруханаға жатқызуға, ПМПК жазып берген нұсқасын орындауға ата-анасына айтып көмек көрсетілді және мінездеме жазылып іс-қағаздарын жинастыруға көмек көрсетілді.

Ұстаздармен: Әңгіме «Оқу мотивациясы-табысты оқытудың негізгі шарты», бейімделу кезеңінің процестері (1,5 сыныптар), оқушылар туралы ақпарат, ата-аналармен тіл табысу, жеке кеңес берілді. Аттестация квал тест өтетін ұстаздарға кеңес берілді. Жас маман ұстаздарға, жана келген мұғалімдерге (Дана Сериковна, Қунай Авилқызы, Ұлан Манасович) ұжымға бейімделу мақсатында психологиялық қолдау көмек көрсетілді. 1,3,5 сыныптардың сынып жетекшілеріне балалардың тіл табысуы, оқу мотивациясын жоғарлату мақсатында, ата-аналарды бала тәрбиесіне қатыстыру жөнінде психологиялық көмек, кеңестер берілді.

Желтоқсан айында мектепке жас мамандар іс-тәжірибе үйрену мақсатында Мурат Назым Даулетқызы ЕАГИ 3 курс аударма ісі ағылшын пәнінен, Мухамеджанова Дина Майданқызы, Идрисова Толқын Ерболовна Мағжан Жумабаев атындағы колледж 2 курс бастауыш білім беру мұғалімдеріне балалармен тіл табысу, психологиялық ерекшеліктері жөнінде сұхбаттасып психологиялық көмек қолдау көрсетілді, сонымен қатар Көкшетау қаласының А. Мырзахметов атындағы Университетінің педагог-психолог факультетінің 2-курс студенті Салыкова Роза Умиртаевна іс-тәжірибеден өтуіне психологиялық қолдау көмек көрсетілді. Жас мамандарға іс-тәжірибеден өткен психологиялық мінездеме жазылды.

Он күндік бастауыш сынып апталығына белсенді қатысып білім алушылармен психологиялық ойындар, жаттығулар, «Эмоция. Стресс» атты тренинг өткізіліп, инстаграмма желісіне салынды.

Желтоқсан айында психология апталығы жоспар құрастырылып іс-шаралар өткізілді» Сымбатты болу шартымыз...» (флеш-моб), «Баға жетпес өмір» арт терапия тренинг, «Өзін тандаған өмір» тренинг,» Психология таңғажайып ғылым!» атты стенд жасалынды, сынып сағаты өтілді, видео көрсетілді, ата-аналарға, ұстаздарға жаднамалар таратылды. Жүргізілген жұмыстар инстаграмға түсіріліп ақпарат берілді.

Сәуір айында Дүниежүзілік аутизм проблемасы туралы іс-шаралар өткізілді оқушылармен сурет көрмесі, аутизм дегеніміз не? стенд жасалынды, сынып сағаты өтілді, видео көрсетілді, ата-аналарға, ұстаздарға жаднамалар таратылды. Айлық есебі жазылып берілді және жүргізілген жұмыстар инстаграмға түсіріліп ақпарат берілді.



Мед бике Бекмаганбетова Р.О.және педагог-психолог Иманбаева Г.О. білім алушылармен зорлық-зомбылық, аутизм, зиянды заттар темекі, алкоголь туралы, нашақорлық, маскүнемдік, жыныстық жетілу жөнінде әңгіме, гигиеналық тазалық туралы түсіндірме жұмыстар өткізілді.

16.10. 2023ж Полиция учаскелік инспекторы полиция аға лейтенанты Райымбек Назымбекұлы Кабдаулиев келіп бүкіл сыныптармен мектептегі тәртіп, сабақтан себепсіз қалмау, түнгі мезгілде жүрмеу, туралы сұхбаттасып, зан аясында қандай баппен жазаланатыны туралы айтып кетті.

30.01.2024ж Уаскелік инспекторы полици аға лейтенанты Р.Н. Кабдуалиев жоғары сынып білім алушыларға телефон алаяқтары (мошенники) туралы ақпарат берді және « Жазалау мен ынталандыру мәселелер бойынша ата-аналардың педагогикалық мәдениеті» ақпараттық ағарту жұмысы әңгімелесу өткізілді.

19.04.20 24ж Бозайғыр учаскелік инспекторы полиция аға лейтенанты Абдукаиров Адлет Серикович мектеп оқушылардың қауіпсіздік жөнінде, мотоцикл, скутер, түнгі уақытында жүрмеу, қалада өз бетінше қыдырмау, жол ережені сақтау т.б. мәселелер туралы сұхбаттасу өткізілді.

22.01-09.02.2024ж аралығында «Ключи ауылының негізгі орта мектебінде» КММ Іс-тәжірибеден өтті Көкшетау қаласының А. Мырзахметов атындағы Университетінің педагог-психолог факультетінің 2-курс студенті Салыкова Роза Умиртаевна. Практика барысында Розаға педагог-психолог ретінде 6 сынып балаларының сабағына кіріп, сынып сағаттарын өткізуді, бақылау, балалармен жұмыс істеуді үйреніп іс-тәжірибе жинады. Ол кісіге іс-қағаздарды толтыруға көмек көрсетіліп мінездеме жазылды.

Педагог-психологтың консультацияларын есепке алу журналы толтырылып  
Нәтижесінде білім алушылармен-68

Мұғалімдермен-49

Ата-аналармен-32

Биылғы жылы болған қатысқам семинар, вебинар тізбесі

23ж Совещание при акимате Проект «Укрепление семейных ценностей среди молодежи через комплекс мер по совершенствованию деятельности центров поддержки семьи и поддержка семей с детьми, находящимися в трудной жизненной ситуации» Сағындық Фаридә өткізген семинар тренингте қатыстым.

07.09.23 ж ZOOM конференция Сандуғаш Уайсова Тема Вебинар по организационной деятельности ПК

01.12.2023ж ZOOM совещание Дилафруз Усенова

21.12.2023ж семинар онлайн «Кәсіби даму мектебі»

22.01.2024 ж ZOOM совещание

16.01.2024ж НАО НИГРЧ Тема Акция «ДосболLike»

22.01.2024ж ZOOM совещание Дилафруз Еркиновна

14.02.2024 ж ZOOM совещание Гулим Шарипова Отдел ПС Акмолинской обл.

Тема Вебинар «Методики по раннему выявлению и оказанию помощи несовершеннолетним, подвергшим или ставшим свидетелями насилия, травли (буллинга) кибербуллинга»

13.03.2024ж Запланированный анализ конкурсу «Лучший психолог года -2024»

12.04.2024ж Тема Обучающий семинар по вопросам сохранения эмоциональной стабильности в период сдачи экзаменов

Сонымен қатар өзім қыркүйек айында «Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми –әдістемелік негіздері» тақырыбында оқуда болдым, онлайн өз білімімді толықтырдым.



29.02.2024ж «Бозайғыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ семинарға қатыстым тақырыбы « Деңгейлеп саралап оқыту-нәтижеге бағытталған білім беру құралы»

04-15 қыркүйек 2023ж НИГРЧ «Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің ғылыми әдістемелік негіздері» тақырыбында және

26.03-05.04.2024ж Акционерное общество « Национальный центр повышения квалификации « Өрлеу» Онлайн Тема « Современные технологий обуения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями» окуда болып білімімді толықтырдым.

### **Шешімі:**

Оқу-тәрбие үрдісінде қиындық тудыратын оқушыларға ерекше көңіл аударып, жекеше жұмыстарды жандандыру.

- Оқушылармен мұғалім және ата-ана арасында қарым-қатынас жағдайын туғызу

### **Келер оқу жылына қойылатын мақсаттар мен міндеті**

- 1.Мұғалім -ата-ана- оқушы конфликт шешу онтайлы жұмысын жалғастыру “ Сыныптың ықшам климаты және тұлғаның қалыптасуына оның әсері”.
- 2.Конфликтілік жағдайларда мінез – құлықтың стратегиясы”.
- 3.“ Ата – аналардың өз баларымен тығыз байланыста болуы үшін мектеппен тығыз байланыс орнату
- 4.5 - ші сынып оқушыларының бейімделу кезеңіндегі туындайтын қиыншылықтар

Педагог-психолог:



Иманбаева Г.О.